



Ембі ТЫНЫСЫ

№ 2 (66)
наурыз
2021 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



Құрметті ембіліктер!
Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні
Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Наурыз әрқашанда жаңару мен жасарудың, барша дүниенің жаңа бір күйге енуінің бастамасы, әрі сұлулық пен әдеміліктің символы болып келді және осылай ерекше мәнге ие болып қала береді. Бұл күні тұрғындар бір-біріне өкпе-реніштерін кешіріп, бақыт пен амандық тілейді. Бүгінде бұл мерекені көпұлтты елімізде тұратын барлық халық ортақ қуанышпен, айрықша көңіл-күймен қарсы алады. Бұл – Қазақстанның одан әрі қарқынды дамуының басты негізі болып табылады.

Бұл мереке ежелден жасампаздықтың жарқын күні және жыл басы ретінде аса жоғары бағаланатыны тектен-тек емес. Ал, жаңа жыл әрқашан жақсы үмітпен, жаңа жоспар-

лардың құрылуымен, тілектердің орындалуымен байланыстырылады.

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Наурыз мейрамымен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, дендеріңізге саулық тілеймін. Өз-Наурыз әр шаңыраққа бақыт, шаттық пен құт-береке әкелсін! Тәуелсіз Отанымыз гүлдене берсін!

Игі тілекпен,
Есен ҚАЙЫРЖАН,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы



ҚМГ-НЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІ



Қазақстанның тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) 2020 жылдың өндірістік нәтижелерін жариялады.

ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев:

– 2020 жылы күллі дүниежүзі, оның ішінде, мұнай-газ саласы індетпен бетпе-бет келіп, үлкен қиындықтарға тап болды. COVID-19 пандемиясы, оның салдарынан энергия ресурстарына сұраныстың азаюы және ОПЕК+ келісімі аясындағы шектеулер негізгі өндірістік көрсеткіштеріміздің төмендеуіне әкелді. Пандемияның теріс әсеріне төтеп беру мақсатында ұлттық компанияда дағдарысқа қарсы шаралар дер кезінде әзірленіп, ойдағыдай іске асырылып келеді. Қолға алынған шаралар дағдарыстың кері әсерін барынша азайтып, тұрақтылықты сақтауға және әрі қарай дамуға мүмкіндік туғызады. Компания эпидемиологиялық ахуал мен мұнай бағасының құлдырауына қарамастан, өндіріс процесін үзбей, барлық бағыттағы жұмыстарды жалғастырып келеді.

Компания қызметкерлері мен олардың отбасыларының амандығы және денсаулығы басты назарда. Індеттің таралуын барынша азайту үшін жан-жақты шаралар қабылданды. Оның үстіне түрлі сын-тегеурінге қарамай, тұрақты дамуымыздың аясында тағы айтулы қадам жасадық. Дәлел ретінде Sustainability халықаралық рейтинг агенттігі Компанияға 69 балл деңгейінде аса жоғары баға бергенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, 2020 жылы өндірісте өлімге әкелген оқиғалардың тіркелмеуі де қуантарлық жәйт. Мұндай көрсеткішке Компания алғаш рет қол жеткізіп отыр. Бұдан бөлек, жазатайым оқиғалардың саны да күрт азайды. Бұл ретте, Ұлттық компания бойынша жарақат алу коэффициенті IOGP Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығының орташа салалық көрсеткіштерінен алғаш рет төмен болып отыр.

Үлкен ұжымның бірлескен күш-жігерінің және әрбір қызметкердің қажырлы еңбегінің арқасында қиындықтарды еңсере білдік. Барша қызметкерлерге кез-келген сыннан сүрінбей өтіп, алдағы уақытта Компанияның одан әрі дамуына мүмкіндік беретін қажырлы еңбектері үшін алғысымды білдіремін.

2020 жылдың басты өндірістік көрсеткіштері:

Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 7,9%-ға азайып, 21 752 мың тонна болды;

Мұнай және газ тасымалдау көлемі 6,3% және 16,3%-ға төмендеп, 73 171 мың тонна мұнай мен 86 590 млн текше метр газды құрады;

Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 12,2%-ға кеміп, 18 077 мың тоннаны құрады.

	2020 (ҚМГ үлесіне)	2019 (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	21 752	23 618	-7,9%
Газ өндіру, млн м³	8 191	8 455	-3,1%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	73 171	78 066	-6,3%
Газ тасымалдау, млн м³	86 590	103 494	-16,3%
Мұнай өңдеу, мың тонна	18 077	20 589	-12,2%

2020 жылдың өндірістік нәтижелері:

Өндірістік көрсеткіштер егер арнайы өзге мәліметтер көрсетілмесе, ҚМГ-ның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарындағы үлестеріне, сондай-ақ, шоғырландырылған еншілес ұйымдары үшін 100% көрсеткіштерге сәйкес көрсетілген.

Көмірсутек шикізатын өндіру:

2020 жылы ҚМГ бойынша мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 21 752 мың тонна (тәулігіне 445 мың баррель) құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 7,9%-ға кем түсті. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі 3,1%-ға 8 191 млн текше метрге дейін төмендеді.

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2020 (ҚМГ үлесіне)	2019 (ҚМГ үлесіне)	%
Өзенмұнайгаз (100%)	5 347	5 586	-4,3%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	2 977	3 204	-7,1%
Ембімұнайгаз (100%)	2 601	2 900	-10,3%
Теңіз (20%)	5 292	5 958	-11,2%
Қашаған (8,44%)	1 253	1 169	7,2%
Қарашығанак (10%)	1 094	1 015	7,8%
Өзгелері	3 189	3 786	-15,8%
Барлығы	21 752	23 618	-7,9%

Мұнай және газ тасымалдау:

Экологиялық жауапкершілік және еңбек қауіпсіздігі:

ҚМГ өз қызметінің қоршаған ортаға және қызметкерлерінің денсаулығына кері әсерін болдырмау шараларына әрдайым жіті назар аударады.

2020 жылы ҚМГ қызметін Sustainability халықаралық рейтинг агенттігі 100-ден 69 балл деңгейінде бағалады. Бұл компанияның тұрақты даму саласындағы жоғары көрсеткіштерін растайды. ESG-рейтингінің құрамдас бағыттары бойынша ҚМГ мынадай баға алды: экологиялық бағыты 69 балл деңгейінде, әлеуметтік – 70, корпоративтік басқару – 67.

2020 жылы CDP есептілігі (Carbon Disclosure Project) кеңейтілді. Су ресурстарын басқару жөніндегі мәліметтер 2019 жылдың қорытындысы бойынша су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама аясында алғаш рет CDP алаңында жарияланды. Сондай-ақ, ҚМГ екінші жыл қатарынан CDP климат сауалнамасы шеңберінде 2019 жылдың парник газдарының шығарындылары бойынша есебін жариялады. Ол есепте парник газдарының тікелей және жанама шығарындылары туралы деректер, парник газдарының шығарындыларын басқару мәселелері, негізгі тәуекелдер мен мүмкіндіктер қамтылған.

	Өлшем бірлігі	2020	2019	%	IOGP1
Ілеспе мұнай газын жағу жиілігі	КСШ өндірудің 1 000 тоннасына	2,2	2,95	-25,4%	10,6
Жұмыс уақытын жоғалта отырып, жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)	1 млн адам-сағатына	0,21	0,31	-32,3%	0,24
Өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)	100 млн адам-сағатына	0,0	1,28	-	0,46

www.kmg.kz

«КАЗМУНАЙГАЗ» ОЖИДАЕТ ДОБЫТЬ 21-22 МЛН ТОНН НЕФТИ В 2021 ГОДУ

Несмотря на снижение объемов добычи нефти в рамках соглашения ОПЕК+, в национальной компании «КазМунайГаз» планируют сохранить объемы на уровне прошлого года и добыть в 2021 году 21-22 млн тонн. Об этом в понедельник в ходе брифинга сообщил заместитель председателя правления по экономике и финансам АО НК «КазМунайГаз» Даурен Карабаев.

- Ограничения в рамках ОПЕК+ распространяются на «КазМунайГаз». Мы ежемесячно согласовываем наши объемы добычи с министерством энергетики. Так как ситуация меняется довольно часто, сейчас тяжело сказать, какой будет общий объем добычи. Однако мы ожидаем, что он будет близок к уровню 2020 года, то есть около 21-22 млн тонн, с учетом доли КМГ в крупных проектах, - сообщил Д. Карабаев.

Он также напомнил, что по итогам 2020 года средняя цена нефти марки Brent сложилась на уровне \$41,8 за баррель, что на 34,8% ниже 2019 года. Это и ограничения добычи в рамках сделки ОПЕК+ повлияло на снижение выручки компании с 6,9 трлн тенге до 4,6 трлн тенге. Кроме того, с 828 млрд тенге в 2019 году до 511 млрд тенге в 2020 году снизилась и выручка в совместных предприятиях.

www.vlast.kz

СО СТРАНИЦ «БОЛЬШОЙ ЭМБЫ»

А вы знаете, что в 1932 году эмбинские буровики пробурили в Доссоре самую глубокую на тот момент скважину в СССР и в Европе?

Глубина скважины №304 составила 2800 метров. Как отмечалось в служебной документации тех лет, первый опыт бурения на такие глубины повлек естественный запрос со стороны эмбинских нефтяников на специализированную литературу и организацию профессиональных курсов по теории бурения. В это время во всех трестах нефтяной промышленности СССР, в том числе в «Эмбанефти» организовались отделы технической пропаганды (ТЕХПРОПы), в функции которых среди прочих, входит подписка на специализированную научную литературу и организуются профессиональные курсы.

- 304 буровая по своим достигнутым глубинам превосходит все пробуренные скважины Европы, кроме этой буровой имеет исключительно техническое значение для промыслов Эмбы. Вот почему необходимо всеми

силами, всеми способами добиться окончания 304-ой до запроектированных глубин. Успешное окончание во многом зависит от расторопности и внимания всех организаций треста, а также доброкачественности работы буровых партий. Буровая партия сталкивалась и будет сталкиваться с техническими трудностями бурения на сверхглубинных глубинах, что усугубляется отсутствием опыта буровых партий по бурению весьма глубоких скважин. Следовательно, актуальнейшая задача Техпропа по 304-буровой должна вестись по трем направлениям: во-первых - повышение технической грамотности работников буровых 304 и 306: во-вторых - сбором характерно-технического материала по бурению 304 скважины, и в третьих, создания возможности вести разъяснительную работу о возможности удачного окончания 304-буровой. По линии повышения технической грамотности работников буровых 304, 306: 1. вторично настаиваю организовать техническую консультацию на темы сверхглубокое бурение (оплату за консультационный час установить пять рублей), 2. охватить технической учебой всех работников этих буровых (хотя бы в две смены), положив в основу учебы бурения сверхглубоких скважин. О проведенных мероприятиях сообщать письменно не позднее 14 декабря, - следует из письма центрального ТЕХПРОПа конторе бурения в Эмбе от 9.12.1932 г.

Уже на следующий день от «Эмбанефти» идет письмо в сектор ТЕХПРОПА комиссариата тяжелой

промышленности о том, что трестом планируется провести серьезную и нужную работу среди руководителей эмбинских промыслов (мастеров, машинистов, техников-инженеров), в связи с чем запрашивается о посылке за наличный расчет бюллетеней и справочников, в том числе американской технической справочной карточки «Инжиниринг-Индекс» переизданной на русском языке, а также тематический план для специалистов по нефтяной промышленности на 1933 год.

В корпоративной газете «Большая Эмба» за №120 от 5 декабря 1932 года был опубликован приказ по тресту «Эмбанефть», в котором помимо проблемных вопросов по скважине, опубликован перечень мероприятий по повышению мотивации для буровиков 304-буровой, предусматривающий пересмотр системы оплаты труда в сторону увеличения расчетного коэф-

Несмотря на эти трудности, в 1932 году эмбинские буровики, помимо 304-ой, пробурили за 92 дня скважину №307 до 962 метров, открыли мощное месторождение Косчагыл, получили приток легкой нефти на южном Искине, вскрыли нефтяные пески на Бис-Булюке, строили буровые вышки без гвоздей (на болтах) и без достаточных пиломатериалов, добились снижения аварийных работ в бурении по отношению к общему времени бурения и многое другое.

фициента для всей партии вдвое, увеличение продовольственного пайка, выдачи мануфактуры, выдачи полшубков, сапог, валенок, рукавиц, белья и шапок. Также, управляющего промыслом Доссор обязали выделить для более нуждающихся работников буровой квартиры и др.

Только такими мерами на тот момент можно было остановить текучесть квалифицированного персонала с буровых, особенно в летние месяцы, когда на промыслах буйствовали инфекции. В 1932 году из выпускников Доссорской школы – 23 бурильщиков и 7 металлстов, большинство уволилось спустя несколько месяцев службы, а часть разбежалась, не выходя на работу. А всего в том же году, не считая переведенных в порядке планового перераспределения, другие мероприятия и уволенных по табелям взыскания и другим уважительным причинам (призыв, учеба, смерть и т.д.) уволились со службы 179 человек.

Текучесть персонала была обусловлена прежде всего плохим продовольственным снабжением и неудовлетворенностью бытовыми условиями, особенно в разведочном бурении.

Можно представить, какой непростой ценой в те годы давалась эмбинским буровикам проходка каждого метра этой скважины и насколько высока была значимость их работы для Эмбы и всей нефтяной промышленности союзного государства, остро нуждавшегося в нефти и нефтепродуктах для становления экономики.

Открытие новых месторождений и бурение глубоких скважин в сложных бытовых условиях требовали предельной мобилизации трудовых усилий нефтяников Эмбы. Трудовую дисциплину и производительность труда повышали как материальными поощрениями, так и воздействием на политическую сознательность, внедрением социалистических соревнований и ударничества.

В корпоративной газете «Большая Эмба» в укор комсомольцам Доссора ставили низкую посещаемость политзанятий.

- Посещение занятий на организованных курсах актива 50%, в то же время состав актива в большинстве случаев политически неграмотный Доссорский комсомол (даже и актив) в большинстве своем не читает газет.

До сих пор Доссорский комсомол не является организатором, не занял принадлежащего ему места в организации культурно-массовой работы среди рабочих и молодежи в особенности.

В результате Бюро ВЛКСМ поставило задачу доссорским комсомольцам –немедленно заняться вопросом подготовки и организации новой комсомольской буровой, учтя допущенные недостатки. Даны поручения: о переводе на полный хозрасчет молодежных бригад мехмастерской, обеспечив их лучшими бригадами, разработать конкретные планы развертывания соцсоревнования и ударничества с расчетом стопроцентного охвата всех комсомольцев к пленуму ВЛКСМ, мобилизовать комсомольский инженерно-технический персонал для чего созвать при коллективах совещание инженерно-технических работников - комсомольцев.

Бюро предложило коллективам вести решительную борьбу с прогулами, рвачеством, со всеми, разлагающими соревнование и работу ударных бригад. А также обмениваться опытом работы ударных бригад и лучшей постановки агитмассовой работы через освещение своей работы на страницах газеты «Большая Эмба» и «Жем жумысшылары».

Лаура СУЛЕЙМЕНОВА,
руководитель службы
по связям с общественностью



Марапат

ЕМБІЛІК
АРУЛАРҒА
ҚҰРМЕТ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты шара өтті. Компания ұжымы үшін биылғы мейрам тағы бір айтулы күнмен түспа-түс келіп отыр. Осыдан тура 3 жыл бұрын «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Мұнайшы қыз» клубы құрылған болатын. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында компания басшылығы аталмыш клубтың белсенді мүшелерін салтанатты түрде қабылдады.



Табысты еңбектерімен топ жарған бір топ ембілік қыз-келіншек «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Алғыс хатымен, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Орталық бухгалтерияның салық есебі бөлімінің бастығы **Шамия ШЫНЖЫРБЕКОВА**, Ембімұнайгаз» АҚ Геология және кен орындарын игеру департаменті мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімінің жетекші инженері **Гүлжан ҚАЗЖАНОВА** «ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ-ның Алғыс хатымен; газ жобалары департаментінің аналитигі **Аделия КАРИМОВА**, сатып алу және жергілікті қамту департаменті сатып алуды жоспарлау және жергілікті қамту бөлімінің бастығы **Светлана БЕРДИЕВА**, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау» басқармасы экономика тобының жетекшісі **Айгүл ЖАРЫЛҒАСОВА** «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен;

Қазынашылық департаментінің аға аналитигі **Зоя БАКТЯРОВА**, Күрделі құрылыс департаменті жобалау-сметалау жұмыстары бөлімінің жобалау-сметалау жұмыстары жөніндегі инженері **Дәмгүл АНЕТОВА**, бюджеттеу және экономикалық талдау департаменті экономикалық талдау бөлімінің аға экономисі **Өрік ІЗБАСОВА** «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік шарада ұжымішілік байланысты нығайту мақсатындағы белсенділіктері үшін бір топ қызметкер Орталық басқару аппараты кәсіподақ комитетінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Олар: Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары **Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА**, өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің 2-категориялы инженері **Айгүл ҚОҢЫРОВА**, активтер мониторингі бөлімінің бастығы **Толқын ДАУОВА**, әлеуметтік саясат және әкімшіліктік қамту департаментінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі аға маманы **Алмагүл ЖҰМАЛИЕВА**, келешекте дамыту департаменті Есептік жүйелер бөлімінің аналитигі **Гүлзада ГАБДУЛЛИНА**, қазынашылық департаментінің аға аналитигі **Гүлмира ҚЫЗЫЛОВА**.

Марапат иелерін құттықтаймыз!



Есептік

ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармаларда 2020 жылдың қорытындысына арналған есептік мәжіліс өтті.

Жиында Ембі өндірісінің тыныс-тіршілігі жан-жақты айтылып, нәтижесін тапқан оң істер мен орын алған кемшіліктер сараланады. Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары **Қанатбек Қасымғалиев** 2020 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның жұмысын жан-жақты баяндап өтсе, Басқарма төрағасы **Есен Қайыржан** есептік кездесуді қорытып, мұнайшыларды алаңдатқан көкейтесті мәселелерге тереңірек тоқталды.

Өндірістік қауіпсіздікті сақтау – басты талап

Ұжымның табысты еңбегінің негізгі тетігі – жұмысшының қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуінде. Бұл орайда жұмысшының өмірі мен денсаулығын сақтауды компания басшылығы алдыңғы кезекке шығарады. Олардың қауіпсіз ортада еңбек етулеріне барлық жағдайды жасап отыр. Нәтижесінде өндірістік жарақат алу бойынша айтарлықтай ілгері басу бар. Мәселен, 2019 жылы өндірістік жарақаттану бойынша 5 жағдай тіркелсе, 2020 жылы 1 жағдай орын алған. Әрине, бұл – компаниядағы түсіндіру жұмыстарының нәтижесі.

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбек адамына қажетті барлық саланы бір деңгейде ұстауға тырысады. Десек те, компанияның негізгі бағыты мұнай өндіру мен тапсыру, геологиялық шараларды дер кезінде жүргізу. 2020 жылда өнім өндіру жоспары бастапқыда **2 млн 820 мың тонна** деп бекітілген. Бірақ сауір айында Прорва және Новобогат кен орындары тобының шикі газды залалсыздандыру бойынша проблемалық мәселелерге байланысты мұнай өндіру жоспары **2 млн 692 мың тонна** болып қайта бекітілді. Жоспар **128 мың тоннаға** төмендетілді. Содан кейін шілде айында ОПЕК келісімі шеңберінде мұнай өндіру жоспары тағы да **92 мың тоннаға** азайтылды. Сөйтіп, мұнай өндіру жоспары **2 млн 600 мың тонна** болып нақтыланды.

Өткен жылы мұнай өндіру жоспары **388 тоннаға**, мұнай тапсыру жоспары **303 тоннаға** артық орындалды.

Осы жөнінде толық баяндама жасаған Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары **Қанатбек Махмұдұлы** жоспардағы көрсеткіштен шығудағы ұжымда орын алған ауызбіршілікті жоғары бағалап, барша ұжымға компания басшылығының алғысын жеткізді.

Енбек өнімділігінің экономикалық көрсеткішке әсері

Кәсіпорындардың табысын жоғарылататын факторлардың бірі – еңбек өнімділігін ұдайы назарда ұстау. Еңбек өнімділігі дегеніміз ұжымның экономикалық көрсеткішіне әсер ететін фактор. Яғни, бір адамның жыл бойғы өндіретін өнім көрсеткіші. Ол тек бір жұмысшының жұмысының нәтижелігін ғана емес, тұтас ұжымның іс-әрекетінің нәтижесін көрсетеді.

2020 жылы мұнай өндіруге уақытша шектеулердің енгізілуіне байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша бір адамның орташа жылдық өнімділігі 542 тоннаны құрап отыр. Жылдық өнімділіктің жоспардан төмен болуы мамандар санының азаюына байланысты.

Ал, 2021 жылда бір жұмысшының өнімділігі 525 тонна құрайды деген болжам жасалуда. Еңбек өнімділігін төмендетпеу үшін жұмыскерлер саны орташа есеппен – 4 800 штаттан аспағаны дұрыс. «Ембімұнайгаз» АҚ-да бүгінгі адам саны осы көрсеткішке сай келеді. Адам саны бұдан жоғары өсетін болса, компанияның экономикалық жағдайы қиындап кетеді. Мұны әр маманның ескергені жөн.

Әлеуметтік нысандармен қамту - алдыңғы кезекте

Компания басшылығы әркез қарапайым еңбек адамын алаңдатқан мәселелерге бей-жай қарамай, дереу тиісті шешімін алуға жұмыстанып келеді. Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес, әрбір жұмысшының басқа жұмысқа ауысу мүмкіндігі қарастырылған. 2020 жылдың қорытындысы бойынша, барлығы 167 жұмысшы ішкі іріктеу, таңдау арқылы өз еріктерімен басқа жұмыс орындарына, соның ішінде басқа өндірістік құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмыс орындарына ауыстырылған.

Мәселен, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау» басқармасының (ӨТҚЖК)

Құлсары базасында жұмыс ауқымының азаюы себеп болған өтініштерге компания басшылығы ақылдаса келе өтініште айтылған мәселелерді толықтай қанағаттандыруға тырысты. Нәтижесінде, «ӨТҚЖК» басқармасының Құлсары өндірістік базасының жұмысшылары мамандықтары бойынша өзге басқармаларға жұмысқа орналастырылды. Компанияға қарасты барлық басқармаларда негізгі өндірістегі адам санын көтеріп, қосымша өндірістегі адам санын ішкі ауыстырулар арқылы азайту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Демек, «жұмыстан қысқарту» туралы дәйексіз алаңдаушылыққа орын жоқ.

Есептік кездесудің жалғасы сұрақ қою, ашық пікір айту, ой тастау форматына ұласты. Мұнайшылардың сауалдарының көпшілігі әлеуметтік салаға арналды. Демек, еңбек адамына алдымен талапқа сай жағдай жасауды – басты құндылығы санайтын компания басшылығы саясатының дұрыс екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.



«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмысшылары спорт алаңқайларының, тренажер залдарының ескіргендіктен бүгінде жөндеу керек ететіндігін айтса, досорлық мамандар өндіріс ішілік жол мәселесін көтерді. Комсомол-Алтыкөл аралық жол әбден тозған, жөндеу жұмысы аталмыш кен орындарының «ескі кеніш» болуынан компания бюджетінен алынып тасталады. Жұмысшылардың көкейінде жүрген тағы бір мәселе мамандардың біліктілік разрядтарын көтеру мәселесін және бүгінгі таңда қолданыста жүрген 2017-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың кейбір талаптарына алдағы жаңа редакциясында өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстарын ортаға салды. Ол өзгеріс мұнайшының жақын-туысы, отбасы мүшесі өмірден өткен жағдайда берілетін 5 күндік ақылы демалыстың кейінгі уақыттарға қалдыруға мүмкіндік беруге қатысты өрбіді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Терең-Өзек мұнай өндіру цехының жұмысшылары кен алаңындағы жатақхананың қыста суық екендігін және жуынатын бөлменің аздығынан үнемі кезекке тұруға тура келетінін айтса, С.Нұржанов кен алаңының жұмысшылары операторларға арналған бөлмесі бар цех әкімшілік ғимаратының жеткіліксіздігін атап өтті.

Мұнайшыларды алаңдатқан мәселелерге Басқарма төрағасы **Есен Қайыржанұлы** жан-жақты тоқталып, тұшымды жауапты алға тартты.

- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2020 жылдағы қызметтік есебін жариялады. Бұл есепте өз қызметкерлері үшін тұрақтылықты ойдағыдай қамтамасыз етуде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның алар орны ерекше екені аталып өтті. Біз Бас компания алдындағы жоспарымызды толықтай орындадық. Бүгінгі есептік кездесуіміз жұмысшы мен жұмыс берушінің арасын жақындата түсетін коммуникацияның маңызды түрі, ұжым ішілік байланысты нығайтудың тиімді жолы. Атқарылған жұмысқа баға берілетін шара. Орын алған кемшілік пен қол жеткізген табыстарымызды саралайтын кездесу. Бұл орайда жыл ішінде атқарылған жұмыстарға есеп берген басшының ұжым алдындағы жауапкершілігі саралана-

тын сәт дер едім. Есеп беру – құрсандарды айтып шығу деп түсінбеу керек. Әр санның артында адамның еңбегі мен тағдыры тұр. Әрбір басшы жұмысыдан талап ету үшін алдымен оларға қажетті жағдайды жасауы қажет. Ал, жұмысшыға қажетті жағдай: жатын орнының жәйлі болуы, дәмді де құнарлы аспен қамтылуы, қауіпсіз ортада еңбек етуі. Компания басшылығы осы талаптардан шығуға жұмыстанып келеді. Есептік кездесудегі сіздердің сауалдарыңызды, ұсыныс-пікірлеріңізді мұқият тыңдадым.



кездесу

САРАЛАНҒАН ЖИЫНДА

Ембілік мұнайшылар арасында «әлеуметтік нысандарды тек өнімділігі жоғары (рентабельный) кен алаңдарында салу керек, ал, өзін-өзі ақтамайтын кеніштерге (не рентабельный) мұндай нысандарды салудың қажеттілігі жоқ» деген пікір қалыптасқанын байқадым. Бұл - мүлдем қате пікір. Ол жерде мұнайшы еңбек етіп жатыр ма, оған қажетті жағдайды жасау - біздің міндетіміз. Егер «өзін-өзі ақтамайды, ескі кеніш» деп әлеуметтік нысандар құрылысын салуды доғарсақ, онда ол кен орны жабылу керек. Ескі кеніш болғанынан еңбек адамы зардап шекпеуі тиіс. Мұнайшының әлеуметтік жағдайынан қаражатты үнемдеу дұрыс емес, үнемделетін қаражат басқа салалардан қарастырылуы қажет, -деп атап өтті өз сөзінде Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫР-ЖАНҰЛЫ.

Компания басшылығы алдағы атқарылатын іс-шараларды 4 кезеңге бөліп қарастырып отыр.

1-кезеңде барлық өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың: асхана-жатақханалардың сапасын жақсарту кезек күтпейтін мәселе.

2-кезеңде өндірістік қауіпсіздікті сақтау мәселесі - өзектілігін жоймайды. Мұнайшының өмірі мен денсаулығы өркез назарда, бұл орайда, олардың қауіпсіз ортада еңбек етуіне барлық жағдай қарастырылады.

3-кезеңде барлық кен алаңдарындағы өндірістік нысандарды ретке келтіру, олардың технологиялық тиімділігін арттыру – өндіріс көрсеткішінің маңызды факторы.

4-кезеңде өндірісішілік жолдың сапасын кезең-кезеңімен жақсарту-негізгі бағыттың бірі саналады.

Жоғарыда аталған жұмыстарды жүзеге асыру үшін қаражатты жүйелі бөлу және оны мақсатты жұмсауды компания басшылығы жіті назарда ұстап отыр.

Айта кету керек, 2021 жылы Солтүстік Жолдыбай кен алаңында 20 орынды асхана, Шығыс Мақат кенішіндегі 150 кісілік асхана құрылыстары басталады. Ағымдағы жылда Жаңаталап кенішіндегі №1, №2 екі бірдей жатақхана, Забурин кен орнындағы 50 кісілік асхана, Оңтүстік- Батыс Қамысты кенішіндегі 50 орынды асхана, «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығындағы №1 жатақхана, Терең-Өзек кен орнындағы 50 кісілік жатақхана мен асхана, Батыс Прорва кенішіндегі операторлық ғимарат, Қайнар мұнайшылар қалашығындағы №4 жатақхана, Кенбай кенішіндегі №1 жатақхана ғимараттары күрделі жөндеуден өтеді деп күтілуде.

Жауапкершілік бар жерде табысты еңбек

Бүгінгі таңда компания қарапайым жұмысшының алаңсыз еңбек етулеріне барлық жағдайды жасап отырса да, өздерінің жауапкершілігін дұрыс сезінбейтін жұмысшылардың ортамыздан табылатыны өкінішті-ақ. Жұмыс уақытында еңбек тәртібін сақтамағандарға қатаң шара қолданылатынын әр маманның білгені жөн. Өндіріс алаңдарында баршаға ортақ еңбек тәртібін сақтамаған, нақтыласақ, ішімдік ішу сияқты келеңсіздіктерге жол берген кез-келген жұмысшы дереу жұмыстан шығарылады. Табысты еңбек тек жауапкершілік орын алған, еңбек тәртібі сақталатын ортада ғана нәтижесін табады. Өкінішке орай, кейбір әріптестеріміздің мұны ескере бермейтіні байқалып отыр. Нақты деректерге жүгінсек, 2020

жылы компанияның 100-ге тарта маманы тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Ұжымшыл тәртіпті сақтамаған 41 адамға ескерту, 24 адамға сөгіс, тағы 24 адамға қатаң сөгіс берілген. Еңбек тәртібін өрескел бұзған 11 қызметкер өткен жылы жұмыстан шығарылды. Олар:

6 адам «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кен алаңында карантиндік оқшаулау кезінде ішімдік ішкені үшін, ал, 1 адам жұмысқа себепсіз келмегені үшін;

2 адам «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нан, жұмыс кезінде ішімдік ішкені үшін;

1 адам «Ембімұнайэнерго» басқармасынан, жұмыс кезінде ішімдік ішкені үшін;



1 адам Орталық басқару аппаратының, жұмысқа себепсіз келмей қалғаны үшін жұмыстан шығарылған.

Коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында жұмысшыларды вахта жұмысы алдында қонақ үйлерге карантиндік оқшаулауға жатқызу қолға алынды. Карантиндік оқшаулау кезінде жұмысшылар тарапынан ортақ тәртіпке мойынсынбау келеңсіздіктері орын алды. Қонақ үйге ішімдік алып кіру, ПТР тест сынағандар тапсырғаннан соң қонақ үйге бармай, кейіннен қонақ үйге мас күйлерінде келген жұмысшылар анықталды. Олар карантин талаптарын бұзғандықтары үшін жалақысы сақталмайтын демалысқа жіберілді.

Компанияның мердігер мекемелерінің жұмысшылары тарапынан да осындай келеңсіздіктер орын алды. Ішімдік ішіп анықталған жұмысшылар дереу мердігер кәсіпорындардың басшыларына хабарланып, тәртіп бұзғандар өндіріс алаңдарынан шеттетілді.

Есептік кездесуде айтылған жұмысшылардың біліктілік разрядтарын арттыру бойынша Компанияда жыл сайын емтихандар өткізіледі. Комиссия құрамына Орталық басқару аппаратының жауапты мамандары кіреді. Өзінің біліктілігін көтеруді мақсат еткен маман ар-

найы емтихан сынағынан өтеді, емтиханның қорытындысы бойынша ғана маманның біліктілік разряды көтеріледі. Өтініш берген жұмысшылардың емтихан сынағын талапқа сай тапсыра алмау жәйттары жиі кездесетінін атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда қолданыстағы Ұжымдық шарттың жұмысшылар алдындағы барлық талаптары толығымен орындалып келеді. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай бағасының құлдырауы мен әлемдік пандемияға қарамастан 2017-2021 жылдар аралығында бекітілген Ұжымдық шарттың талаптарына сай өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен және әлеуметтік пакеттермен қамтамасыз етіп отыр. Ағымдағы жылдың жаз айларында жаңа Ұжымдық шарттың жобасы дайындалады. Ол үшін арнайы құрылған комиссия құрамы алдымен барлық ұжымдарда болып, жұмысшылардың ұсыныс-пікірлерімен танысады. Сонында жұмыс беруші мен жұмысшылар өкілдерінен құрылған комиссия мүшелері кеңейтілген мәжілісте ортаға түскен барлық ұсыныстарды саралап, құжаттың жаңа жобасын жасақтайды. Ең бастысы, жаңа Ұжымдық шартта еңбек адамының өтініштері аяқсыз қалмайтынын атап өткен жөн.

Есептік кездесу барысында компания басшылығы Құлсары қаласындағы С.Өтебаев атындағы колледжде болып, жас мамандарды дайындау жолындағы білім ордасының бүгінгі жайымен танысты. Колледж басшылығы білім ошағының студенттерін Ембі өндірісінде вахталық әдіспен тәжірибеден өтулеріне мүмкіндік жасауды өтініп, екі жакты әріптестік байланыс орнатуға ұсыныс тастады.

Өтінішке компания басшылығы ішкі резервтерге алдымен саралау жұмыстарын жүргізетінін, содан кейін ғана тиісті бір шешімге келетінін айтып өтті.

Түйін. 2020 жыл ембілік мұнайшыларға аз салмақ салмады. Пандемия індетімен тұспа-тұс келген әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құлдырауы да Компанияға үлкен сын болды. Күрделі кезеңнің талаптарына тез арада бейімделе білген Компания ұжымы өндірісті тоқтатпай, жұмысшылардың денсаулығын сақтай отырып, барлық қажетті іс-шараларды дереу қолға алды. Ең алдымен Компанияның жедел штабы құрылды. Кешенді шаралар жоспары жасақталынды. Барлық басқармалардың жедел штабы ұйымдастырылды. Компанияда эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру үшін 4 млрд 900 млн теңгеге келісім-шарттар жасалды. Бұл қаражат: қорғаныс құралдарын сатып алуға, санитарлық-гигиеналық шараларды өткізуге, дезинфекция жұмыстарына, ПТР тестілеуді өткізуге, вахта кезеңінің ұзартылуына байланысты мұнайшыларға үстемақы төлеуге жұмсалды.

COVID-19 вирусының таралу жолдарының алдын алу мақсатында мұнайшылар қатарынан резервтегі штат құрылды. **Атырау облысы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің «Атырау облысы тұрғындары арасында коронавирус инфекциясы індетінің алдын алуға қатысты шаралар туралы» қаулысына** сай еңбек вахтасындағы жұмысшылар саны оңтайландырылып, вахта уақыты алдымен 56 күнге, кейіннен 28 күнге дейін ұзартылды. Вахта мерзімін өзгерту өндіріс үдерісіне келетін қауіпті барынша азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған шешім болатын. Алдағы уақытта вахта мерзімі өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға және Атырау облыстық бас санитарлық дәрігерінің пандемияны таратпай, алдын алуға қатысты қабылдаған қаулысына орай өзгеруі мүмкін.

Есептік кездесуде компания басшылығы өндіріс жұмыстарының қайта құрылуына орай қолға алынған барлық өзгерістерге түсініспеншілікпен қараған барша ұжымға алғыстарын білдірді.

Ұжымдарда өткен есептік кездесуден соң Басқарма төрағасы Есен Қайыржан сұраныстың болуына орай, жеке қабылдаулар ұйымдастырды.





ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

2021 жылдың ақпан айында «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасында орын алған жазатайым оқиғаның нәтижесінде біздің қызметкеріміз қаза тапқанын өкінішпен хабарлаймыз.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» ММ-нің бұйрығы бойынша жасақталған жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру комиссиясының (бұдан әрі-Комиссия) актіне сәйкес төмендегі жағдай анықталды:

- 2020 жылғы мерзімді медициналық тексерудің қорытындысы бойынша қайтыс болған қызметкер жоғары қан қысымымен диспансерлік есепте тұрды. «Құлсары» учаскесінде вахталық әдіспен күндізгі ауысымда 7 күн және түнгі ауысымда 7 күн кезектесіп, 28 күннен жұмыс істеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да қолданыстағы ережелер мен процедураларға сәйкес, барлық қызметкерлер жұмысқа шығар алдында міндетті түрде ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтеді және бекітілген маршрут бойынша учаскеге бөлінген қызметтік автобуспен жұмысқа келеді. 2021 жылғы 18 ақпанда сағат 19:30-да қайтыс болған қызметкер әріптесіне ауысым алдындағы медициналық тексеруден өткенін және жұмысқа өз автокөлігімен уақытында келетінін ескерткен. Сағат 20.00-де аталған қызметкер жұмыс орнына келмеді және әріптесі бұл жағдай туралы учаске шебері мен оның отбасы мүшелеріне хабарлады. Іздестіру жұмыстарының нәтижесінде учаске шебері мен отбасы мүшелері бірге жұмысшыны Құлсары учаскесінің әкімшілік ғимаратының артында қар құрсауының жанында қалып қойған жеке автокөлігінен ес-түссіз күйде тапты. Қызметкер дереу аудандық ауруханаға жеткізілді. Алайда, реанимациялық әрекеттерге қарамастан, сағат 23.00-де дәрігерлер қайтыс болғанын анықтады.

ҚР ӨМ «Сот сараптамасы орталығы» РМҚК Атырау облысы бойынша филиалы берген қайтыс болу туралы медициналық куәліктің қорытындысына сәйкес, Өткір жүрек-қан тамырлары

жеткіліксіздігі салдарынан қызметкердің денсаулығының күрт нашарлауы орын алған жазатайым оқиғаның негізгі себебі болды.

Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының Мемлекеттік еңбек инспекторы төрағалық еткен Комиссия барлық мән-жай мен себептерді, сондай-ақ, осы жазатайым оқиға бойынша жиналған материалдарды қарап, қайтыс болған қызметкермен болған жазатайым оқиға өндіріспен байланысты емес және жазатайым оқиға туралы акт жасауды талап етпейді деген қорытындыға келді. Өйткені, ол өндірістік факторлардың әсеріне байланысты емес, зардап шеккен адамның денсаулығының кенеттен нашарлауы нәтижесінде болған және бұл медициналық қорытындымен расталған.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздердің өміріңіздің, денсаулықтарыңыздың және еңбек тәртіптеріңіздің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында компанияда бекітілген ережелер мен процедураларды мұлткісіз сақтау қажеттілігін тағы да айғақтайтын қайғылы жағдайға назар аударуыңызды сұраймыз.

Өкінішке орай, бұл қызметкерлеріміздің жоғарыда аталған рәсімдерді бұзып, өз автокөлігімен жұмыс орындарына өз бетінше жетіп, еңбек тәртібін бұзатын алғашқы жағдай емес. Ал, әріптесіміздің қайтыс болуы бекітілген тәртіпті бұзушылар мұндай ойланбаған әрекеттердің салдары мен қауіптерін бағаламайтынын айқын көрсетеді.

Осындай салдардың бірі сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемінен бас тартуы болып табылады. Естеріңізге сала кетейік, қолданыстағы келісім-шартқа сәйкес, сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайы туындаған – қызметкер өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде ғана төлемдер жүргізеді. Сақтандыру компаниясы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағын-

да көзделген жағдайлар туындағанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы. Нақтыласақ, тергеп-тексеру барысында жұмыскерлер, жіберуші тараптың жұмыскерлері денсаулығының зақымдануы:

1) жұмыскердің, жіберуші тарап жұмыскерінің функционалдық міндеттеріне кірмейтін және жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың мүддесімен байланысты емес жұмыстарды немесе өзге де әрекеттерді зардап шеккен адам өз бастамасы бойынша орындаған, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істеу кезінде ауысымаралық демалыс, тынығу мен тамақтануға арналған үзіліс кезінде орындаған кезде;

2) зардап шеккен адамның алкогольдік масаң күйде болуы, оның уытқұмарлық және есірткі заттарды (оларға ұқсас заттарды) пайдалану негізгі себеп болған жағдайда;

3) өз денсаулығына әдейі (қасақана) зиян келтіру нәтижесінде, сондай-ақ, зардап шеккен адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде;

4) медициналық қорытындымен расталған, зардап шеккен адам денсаулығының өндірістік факторлардың әсерімен байланысты емес кенеттен нашарлауынан болғаны объективті түрде анықталса, олар еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар ретінде есепке алынуга жатпайды.

Ұжымдастар!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы мен ұжымы қайтыс болған қызметкердің отбасына, туыстары мен ұжымдастарына қайғырып көңіл айтады! Біз барлығыңызды қауіпсіздік пен еңбек тәртібін қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы талаптарға жауапты қарауға шақырамыз! Есіңізде болсын, бекітілген тәртіпті бұзушылықтың соңы – сіздің денсаулығыңыз бен өміріңізді сақтап қалуға кері әсерін тигізуі мүмкін!

Өз-өзіңізді күтіңіз!

**Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы**

Өзекті мәселе

COVID-19-ҒА ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Елімізде халықты коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау 2021 жылғы 1 ақпаннан басталды.

Айта кетейік, облыстың медициналық ұйымдарында 24 екпе пункті дайындалды. Оның 16-сы – облыс орталығында, 8-і аудандарда.

Осыған орай, коронавирусқа қарсы вакцинация туралы жиі түсетін сұрақтарға жауаптарды келтіріп отырмыз.

- Қазақстанда вакцинация міндетті әрі мәжбүрлі ме?

Жауап: Қазақстанда вакцинация ерікті болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 77-бабына сәйкес кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцинация егілетін адамның тек ақпараттандырылған келісімімен ғана жүргізіледі. Қазақстанда вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделмеген, кез келген қысым көрсету заңсыз болып табылады.

- Вакцинация ақылы бола ма?

Жауап: халықтың осал топтары үшін коронавирусқа қарсы егу тегін жүргізіледі.

- Коронавирус вакцинасына аллергиялық реакция болуы мүмкін бе?



Жауап: Медицина қызметкерлері кез келген вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғын анықтайды. Егер ауыр аллергиялық сырқаты болса, вакцина салу медициналық тұрғыдан бас тартылады. Бұл ретте, аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның организмі әртүрлі. Уақтылы ден қою үшін адам вакцинация алғаннан кейін алғашқы 30 минут ішінде (медициналық мекеменің қабырғасында) дәрігердің бақылауында болуы керек: дәл осы аралықта вакцинаға аллергиялық реакция болуы мүмкін.

- Балаларға коронавирусқа қарсы вакцина егіле ме?

Жауап: «Спутник V» вакцинасын 18 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды. Сәйкесінше оны тек Қазақстанның көмелетке толған азаматтары ғана ала алады. Қазақстанда өндірілген вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтың 3-ші кезеңінен өтуде. Бүгінгі күні отандық вакцина жөніндегі бекітілген нұсқаулық жоқ, сондықтан осы вакцина бойынша контингент анықталуда.

- Неліктен вакцинаны екі кезеңде алу керек?

Жауап: Коронавирусқа қарсы вакцинаны 21 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізу керек. Бірінші доза 0,5 мл - антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза 0,5 мл - біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.

- Вакцина кімдерге салынбайды?

Жауап: - профилактикалық егулерге тұрақты және уақытша медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар;
иммуносупрессивті ем қабылдайтын пациенттер және иммун тапшылығы бар пациенттер;

КВИ-дің жіті және сипмтомсыз формасы бар тұлғалар;

КВИ-ді қоса алғанда, инфекциялық аурумен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдар карантин мерзімі аяқталғаннан кейін егіледі.

- Вакцинаны енгізуге қарсы шаралар:

Жауап: - құрамында ұқсас компоненттері бар вакцинаның немесе екпенің қандай да бір компонентіне аса жоғары сезімталдық;

- ауыр аллергиялық реакциялар;

- жүктілік және емізу кезеңі;

- 18 жасқа дейін және 65 жастан жоғары адамдар;

- II компонентті енгізуге қарсы шаралар: вакцинаның I компонентін енгізуге екпеден кейінгі ауыр асқынулар (анафилактикалық шок, ауыр аллергиялық реакциялар, құрысу синдромы, температура 40°C және т.б.).

Наурызды 10 күн тойлау ұлттық құндылықтарды дәріптеуге серпін береді

Наурыз мейрамы – Қытымыр аяз бен қара суықтың орнына көктемгі жайма-шуақ ауа райы орнап, күн мен түннің теңеліп, тіршілік атаулы жандана түсетін берекелі маусым, түркі халықтарының ғасырлар бойы тойлап келе жатқан басты қуанышы. Қазақ халқы бұл мерекені басты ұлттық мейрам санап, ерекше думанмен қарсы алады. Биыл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамын жаңа үлгіде 10 күн атап өтуді тапсырды.

14 наурыз – «Көрісу (Амал) күні»

Бұл күні жұрт бір бірін ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап, төс қағыстырып сәлемдесіп, көрісу рәсімін жасайды. Бір-бірімен араздасқан адамдар өзара кешірім сұрайтын, арасы алыстаған ағайын жақындасатын күн.

15 наурыз – «Жайлау күні»

Айнала табиғатпен біте қайнасып өмір сүру көшпелі қазақ дүниетанымының бір бөлігін құраған. Бұл күні адамдар табиғат аясында серуен құрып қанай қоймай, сонымен қатар ондағы қоқысты тазартып, тал егіп, көшет отырғызады. Бұл өскелең ұрпақтың экологиялық, зияткерлік санасын дамытуға септігін тигізеді және денсаулығын жақсартады.

16 наурыз – «Шежіре күні»

Бұл күні отбасының, ел-жұрттың, жеті атаның тарихы айтылып, шежіресі таратылады. Сонымен қатар, жұртшылық мал сойып, өмірден озған ата-бабаларына құран бағыштайды. Әр отбасының үлкендері өмірден өткен ата-бабаларының, ағайын-бауырдың жақсы істерін, қуанышты сәттерін кейінгі ұрпаққа әңгімелеп береді. Елдің, өлкенің тарихы, ерлігі баяндалады.

17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні»

Бұл күні мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды ұлттық рухпен тәрбиелеу, сондай-ақ тарихын білуіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұлттық, тарихи, өлкетану, өнер және әскери музейлерге апару жоспарлануда. Бұл күні өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болған әрі елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінің есімін ұлықтау да өте маңызды.

18 наурыз – «Ігі істер күні»

Бұл күні әр адам мүмкіндігі келетін бір жақсы іс жасайды. «Волонтерлердің қатысуымен түрлі іс-шара-

лар өтеді. Сонымен қатар, наурызды тойлау апталығының бұл күні жоқ-жітімге, жарлы-жақыбайға қол ұшын беруге арналады. Жомарт жүректі азаматтар қоғамдық маңызы бар объектілер салуға, жөндеуге атсалысады. Осы күні жергілікті әкімдіктер түрлі қайырымдылық акцияларын ұйымдастырады.

19 наурыз – «Шымырлық пен шеберлік күні»

Бұл күн ұлттық спортқа арналады. Жер-жерлерде, ипподромдарда ересектерге арналған көкпар, бәйге, қыз қуу, аударыспақ ұйымдастырылады. Ал, балалардың асық ату, ләңгі, тоғызқұмалақ, дойбы, арқан тартыс, қап киіп жарысу, жаяу тартыс, садақ ату т.б. ойындар ойнауына арналып арнайы орындар жасалады.

20 наурыз – «Зияткерлік күні»

Осы күні балалардың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, жырлар мен эпостардан үзінділер айтылады. Жастардың дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі баланың санасын дамытуға бағытталған басқа да амал-тәсілдері дәріптеледі.

21 наурыз – «Ұлттық тағамдар күні»

Бұл күні әр үйдің дастарханында ұлттық тағамдар самсап тұрады. Қазақ ас мәзіріндегі көптеген тағам түрлері әзірленеді. Ұмыт бола бастаған, кең таралмаған тағамдарды жасаудың әдістері үйретіледі.

22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні»


22 наурыз күні сағат 12.00-де Мемлекет басшысының құттықтау сөз сөйлейтіні де жазылған. Президенттің құттықтауы телеарна, интернет арқылы таралып және оны барлық халық тыңдауы үшін Наурызды тойлауға арналған алаңдарда LED экрандар қойылмақ.

23 наурыз – «Жоралғы күні»

Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталады. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылады, барлары заман талабына сай дамытылады. Салт-дәстүрдің, ырым-жырымның адам мен қоғам өміріндегі маңызы түсіндіріледі. Осы күні әр адам жақындарына сый-сияпат жасайды.

Түйін. Ұлыстың ұлы күнін жаңа форматта атап өту – ұлттың ауызбіршілігін нығайтып, ұмытыла бастаған қазақылық қасиеттерімізді қайта тірілтуге септігін тигізеді. Ең бастысы, бұл бастама өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге.

Ғасырға жуық шежіресі бар «Ембімұнайгаз» АҚ – ұлттық салт-дәстүрді сақтауды басты назарда ұстайтын отандық компания. Сондықтан, ембілік мұнайшылар да жыл сайын Жыл басы – Наурыз мерекесін асыға күтеді. Компания дәстүрлі түрде өз-Наурыз мерекесін кен алаңдарында атап өтуді 2005 жылдардан бастап қолға алды



ҚАРТ ЕМБІГЕ АРНАУ

Шалқыған қазағымның кең даласы,
Қымбат қой маған оның әр баласы.
Мұнайшы болып жасау оңай емес,
Шыдайды келетіндер тек шамасы.

Осылай жағдайды біз білдіреміз,
Бойдағы енжарлықты жеңдіреміз.
Бекіткен «Алтын ережені» сақтай
жүріп,
Қара алтынды ұжым болып өндіреміз.

Мұнайым қабаттарда шалқығасын
Талай адам табуда нәпәкасын.
Қарт Ембі, біз өзіңе ризамыз,
Толтырған еліміздің қазынасын.

Болыпты бір ғасырдай уақыт шеті,
Басталған бір өзіңнен тарих беті.
Қарт Ембі, өзіңсің ғой бетке ұстар,
Қазақтың мұнайының оң келбеті.

Армандарға құс қанат байлатамыз,
Еңбектіңде қазанын қайнатамыз.
«Ембімұнайгаз» ұжымында бір кісідей,
Өндірісті күннен-күнге жайнатамыз.

Өзіңде еңбек еттім, Қайнарым,
Сенде өткіздім ғұмырымның көп айын.
«Ембімұнайгаз» қатарында көш бастап
Жетістікке жете берші әрдайым.

Жұмабай АМАНОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жола-
манов кен орнының мұнай-газ өндіру
операторы



ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ «ЕҢБЕК ЕЛШІСІ» АТАНДЫ

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлім бастығының орынбасары Шарапиден Сәкен Шарапиденұлы - республикалық «30 Еңбек Елшісі» жобасының жеңімпаздары қатарында.

Байқауға қатысуға 196 өтінім келіп түскеніменен, оның 152-сі эксперттік комиссия отырысында қарастырылды. 44 өтінім жоба критерийлеріне сәйкес болмай шықты. Нәтижесінде, эксперттік комиссия әр түрлі саладан 30 жеңімпазды анықтап шықты. Соның ішінде, ембілік мұнайшы Атырау облысынан қатысушылар арасында топ жарған жалғыз жас маман болып отыр.

Аталған байқау ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасының кәсіподақтары федерациясының ұйымдастыруымен өтті. Оның мақсаты дарынды жастарды кәсіподақ қызметіне тартуға, еңбек құндылығын насихаттауға және жастардың өзін-өзі танытуы үшін тиімді әлеуметтік лифт жасауға бағытталған.

- Мен бұл байқау туралы естігеннен кейін жастарға арналған тың жоба екендігін түсініп, қатысуға шешім қабылдадым. Өзім еңбек ететін «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметкерлердің құқықтарына баса мән беріледі. Сонымен қатар, жас мамандардың жан-жақты дамуына компания басшылығы тарапынан қолдау зор. Сондықтан, өзімнің тәжірибеммен бөлісіп, ұсыныстарымды бердім. Егемен еліміздің болашағы жас мамандардың қолында. Сондықтан, оындай жобалар жастарға алға ұмтылуға тың серпін берері сөзсіз, - дейді әріптесіміз С.Шарапиден.

Айта кетейік, «30 Еңбек Елшісі» жобасына 18-35 жасқа дейінгі кәсіподақ мүшелері қатысты. Өтінімдерді қабылдау 2021 жылғы 10-26 ақпан аралығында kasipodaq.kz сайтында жарияланған критерийлерге сәйкес жүзеге асырылды.

Әріптесімізді құттықтаймыз!



ЖЕҢІМПАЗДАР



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р. Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г. Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке акы төлеу департаментінің директоры;

Т. Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж. Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л. Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы